

**№6 Хромтау гимназиясының 8-11 сыныптарға арналған
«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ»
атты семинардың өткізілуі туралы анықтама**


ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес және ҚР Президентінің 2022 жылғы 02 ақпанындағы Жарлығымен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын орындау мақсатында, №6 Хромтау гимназиясында 8-11 класс оқушыларына семинар өткізілді. Семинарды құқық негіздері пәнінің мұғалімдері Карагулова Дамира Кереевна мен Бакбергенова Гульнур Темирхановна өткізді. Семинарға жалпы көлемде 65 білім алушы қатысты.


Семинардың мақсаты: жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің маңыздылығы.

Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысы болуы да болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады. Сол себепті қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде кеден, салық салаларында, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, банк қызметі салаларында мемлекеттік қызметтерді көрсету рәсімдері барынша автоматтандырылған. Осы жасалып жатырған саясаттың барлығы сыбайлас жемқорлықтың алдын алып болдырмау мақсатында жасалуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресу жұртшылықтың көмегінсіз мүмкін емес. Сол себептен мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді. Ол үшін халықтың құқықтық мәдениетін арттырып, құқықтық нигилизммен күресу керек.

Семинар барысында білім алушылар өз ойларын айтты. 9 сынып білім алушылары Исламғали Айдана және Өтепберген Анель Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды қалай елестетесіздер деген сауалдарға нақты жауап берді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында сананың ашықтығы, мәдениет деңгейін көтеру туралы сөз қозғалды.

Қорытындысында сыбайлас жемқорлықпен күрес барысында білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін айтты. Қол көтеріп бірауыздан шешім шығарды.





Орындаған: Бакбергенова Г.Т.